Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК

2026 -2027 оқу жылындағы

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Астана, 2026 жыл

2026-2027 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Өткізген күні: 31 тамыз 2026 жыл
Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, тәрбиешілер
Тақырыбы:«Жаңа бағыт, жаңа қадам!»
Мақсаты: «2026-2027 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – оқыту жұмысын ұйымдастыру»

Күн тәртібінде:

1. Педагтерді тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру.
Меңгеруші: Г. Калиякасова
2. Психологиялық тренинг «Жақсы көңіл-күй жақсы қарым-қатынас»
Психолог: Г.Мундыбекова
3. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорытынды жасау
Мейірбике : А.Бекбатырова
4. 2026– 2027 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:
   - жылдық мақсат пен міндеттерді, жұмыс оқу жоспары, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі, перспективалық жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі, күн тәртібінің кестесі, қосымша ақылы қызметтер кестесі.

Әдіскер : Л. Дуйсекулова
5. Педагогикалық әдеп отырысының жоспарын және мүшелерін бекіту
Меңгеруші: Г. Калиякасова
6. Эксперименттік алаңнын жұмыс жоспарын бекіту
Инновация әдіскері: А.Абдукадирова
7. Аттестациядан өтетін педагогтердің тізімін және аттестаттау комиссиясының құрамын анықтап, бекіту.
Меңгеруші : Г. Калиякасова
8. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту
Меңгеруші : Г. Калиякасова

Тыңдалды: ..

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі Г. Калиякасова педагогтерді №1 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. 2026-2027 оқу жылы балабақша ұжымы үшін сәтті әрі жетістікке толы жыл болуына тілектес екенін білдірді. Білім саласындағы педагог қызметкерлерге арналған Тамыз кеңесінің ұсыныстарын талқылау және оның қорытындысы туралы ақпараттармен бөлісті. ҚР Оқу ағарту министрлігінің өзекті мәселелерін кеңінен түсіндіріп, талқыға салды.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның психологі Г.Мундыбекова педагогикалық ұжыммен «Жақсы көңіл-күй жақсы қарым-қатынас» тақырыбындағы психологиялық тренингін ұйымдастырды. Тренинг барысында педагогтер бір-біріне жылы лебіздерін айтып, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақшаның мейірбикесі А.Бекбатырова жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорытындысына және балабақшаның ұйымдастырушылық- шаруашылық қызметіне тоқталды. Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының қорытындыларымен бөлісті. Санитарлық нормалар мен ережелерді талқылап, санитарлық нормалардың сақталуына көңіл бөлуді ескертті. Тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыру қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету, инклюзивті білім ортасын ұйымдастыру, балабақша қызметкерлеріне арналған ішкі еңбек тәртібі ережелері және күн тәртібінің дұрыс сақталуына тоқталды. Жаңадан балабақшаға қабылданған балалардың денсаулығы туралы анықтама берді. Жаңа оқу жылында барлық педагогтерді бала қауіпсіздігі мен денсаулығына мұқият болуға шақырды.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Л.Б. Дуйсекулова 2026-2027 оқу жылындағы білім беру ұйымы жұмысының басым бағыттарына тоқталды. Жаңа оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатын, жаңа нормативтік актілермен және бағдарламаларға шолу жасап, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының маңызды құндылықтарды, білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты сақтау қағидалары, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру, салауатты өмір салтына баулу, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті жетілдіру, «Заң мен тәртіп» идеологиясының қағидаттарын іске асыру, буллингтің алдын алу, ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу, 2025-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесіне ЖИ (жасанды интеллект) енгізудің тұжырымдамалық тәсілдері, ЖИ этикалық қолдану жөніндегі нұсқаулық және ҚР білім беру ұйымдарында ЖИ қолданудың этикалық стандарттары, педагогтердің құқықтарын қорғау және кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіру туралы мәліметтермен бөлісті. 2026-2027 жаңа оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен және балабақшаның мақсат, міндеттерімен таныстырды. Жұмыс оқу жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесін, таңғы жаттығу

кестесін, педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары, әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары, педагогтердің біліктілігін арттыру перспективалық жоспары, білім беру ұйымындағы академиялық адалдықты сақтау қағидалары, білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ететін балабақшаішілік құжаттар, перспективалық жоспар мен циклограмманың құрылуын түсіндірді. Күнделікті күн тәртібін қатаң сақтап, балалардың білімдері мен дағдыларын арттырып, жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуы үшін аянбай еңбек етуге шақырды.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі Г. Калиякасова педагогтерді Педагогикалық әдеп отырысының жоспарымен және комиссия мүшелерімен таныстырды. Педагогикалық әдепті сақтау – әр педагогтің кәсіби беделін арттырып қана қоймай, тәрбиеленуші үшін қауіпсіз, сенімді және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыратынын түсіндіріп өтті. **Педагогикалық әдеп** – педагогтің тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынаста әдептілік, сыйластық, әділдік және кәсіби мәдениет нормаларын ұстануы екенін түсіндіріп, әдеп нормаларын қатаң ұстануды тапсырды.

6.Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша балабақшаның инновация әдіскері А.А. Абдукадирова эксперименталды алаңның 2026-2027 оқу жылына арналған жоспарын таныстырып өтті. Эксперименталды алаңда жұмыс жасайтын топтарға бекітілген жауапты педагогтер жоспарға сай жыл бойына жұмыс жүргізетінін түсіндірді. «Балалар журналистикасы-шешендік өнерді дамытудың медиа алаңы» тақырыбындағы эксперименталды алаңда жыл көлемінде нәтижелі жұмыстар жасап, қалалық, республикалық байқауларға белсене қатысуға шақырды. Балалар журналистикасы арқылы балалардың шешендік өнерін, сөйлеу мәдениетін, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту, көпшілік алдында еркін сөйлеуге дағдыландыруды педагогтерге тапсырды. Тәрбиеленушілердің білім деңгейін анықтау мақсатында бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізіп, жеке даму картасын толтыратынын ескертті.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі Г. Калиякасова аттестациядан 2025-2026 оқу жылында өткен педагогтердің құттықтап, куәліктерін табыстады. Жаңа оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтер тізімін және аттестаттау комиссиясының құрамын бекітіп, жоспарға сай жыл бойы іс-шаралар мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерін жоғарғы деңгейде көрсетуді, біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, қалалық және республикалық байқауларға белсене қатысуға, басылым беттеріне мақала жариялауға дағдылануды ескертті. Аттестаттауға баратын педагогтер өздерінің және тәрбиеленушілерінің жетістіктерін жинақтап отыру керегін айтып өтті.

8. Шешімдер қабылданды:

1. «2026-2027 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және
өткізілістері туралы» жүктеме жүктеу қатты бөлшектенеді және
- «Алдын алынған бұйрықтың тәрбие бөлімшілерінің және жеңіл ме
қамтамасыз етсін.

Жауаптылар: менгерушi, әлеуметтік тәрбиешілер, педагогтер

Мерзімі: 2026 -2027 оқу жылы

2. 2026-2027 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін оқушы
жоспарын, кестелерін бекітілсін.

Жауаптылар: менгерушi, әлеуметтік

Мерзімі: 11 қыркүйек 2026 жылы

3. Педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақталсын

Жауаптылар: әлеуметтік, педагогтер

Мерзімі: 2026 -2027 оқу жылы

4. Экспериментальді және ерекше жоспарға сай оқушы жоғарылсын

Жауаптылар: топ тәрбиешілері, әлеуметтік

Мерзімі: 2026 -2027 оқу жылы

5. Аттестациядағы педагогтердің оқушы жоспары бекітілсін, туризмге тұрақ
педагогтерге әлеуметтік көмек көрсетілсін

Жауаптылар: менгерушi, әлеуметтік

Мерзімі: 2026 -2027 оқу жылы

6. Осы шешімнің орындалуын қадағалау

Тарқатылсын

Ақпарат







